



«Бекітемін:»  
«Ай-Томирис» балабақша  
ЖШС –ның менгерушісі:  
О.Жакен

**«Ай-Томирис» балабақшасының  
2019-2020 оқу жылына арналған  
Педагогикалық кеңестің  
хаттамалары.**

**Шұбарсу елді мекені  
2019-2020 оқу жылы**

Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

29.08.2019ж

қатысқандар 7

Күн тәртібінде:

- 1.Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстарды қорытындылау іс-шаралар есебі.
- 2.Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметін бекіту.  
Өтпелі тақырыптарды ,вариативті компоненттерді бекіту.
- 3.Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы .Қазақстан Республикасы Білім және Фылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығын енгізу.
- 4.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын енгізу арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу,денсаулықтарын нығайту.
- 5.Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістімелік ұсынымдар.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі О.Жакен тәрбиешілердің жазғы маусымда сауықтыру шаралары,мерекелік іс-шараларына есеп беріп өтті.

Сейлегендер- Н.Уракбаева :Жазғы маусым сауықтыру,шынықтыру шараларына көп мүмкіндіктер беретін кез,ауа ,күн,су ванналарын қабылдап,еркін ойлап, таза ауада түрлі сайystар өткіздік.

Балаларды слауатты өмір салтына тәрбиелеп ,жылдамдыққа ептілікке тәрбиелеп ,шынықтыру мақсатында түрлі ойындар «Арқан тартыс», «Көңілді доптар», «Құрсаудан құрсауға секіру» ойындары т.б ойындар ұйымдастырылды.

Тәрбиеші :-3.Есенқабылова: Балалардың жолда жүру ержелері туралы түсініктерін жалғастыра отырып ,зейінін,ойлау қабілетін,байқағыштық,жанашырлыққа тәрбиелеуде «Абайла балақай»атты іс-шаралармен бірге сумен зерттеу ойындарын өттік.

Сонымен бірге басқа тәрбиешілер де сауықтыру шараларын ауа ваннасын күнделікті кіші топтардан бастап су құю шарасын су температурасын 36 С-тен,28-С-ке шейін төмендете,сулы шуберекпен сұртіну,жалаң аяқ құмда жүру,таза ауада серуендеу мен ойындар ұйымдастырылғаны жөнінде есеп беріп өтті.

Балабақша менгерушісі О.Жакен: Жаңа оқу жылшының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып,ҚР «Білім туралы Заңын», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мемлекеттік стандарт ережелерін негізге ала отырып оқу тәрбие жұмысын жүргіземіз деді.Әрбір педагог балалардың жас ерекшелігін ескере отырып,осы мақсаттарға жетуде енбек етеміз және бекітілген күн тәртібін сақтап, кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіледі-деп сөзін аяқтады.

Қазақстан Республикасы Білім және Фылым министрінің №557 бұйрығына сәйкес оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2019-2020 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту мәселесіне тоқталды.

Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған. Педагогтарды балабақшаның тәрбиленушілерінің білім біліктілік деңгей мониторинг нәтижесіне қарай таңдап алынған ғладағы оқу жылшына белгіленген мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті. Былғы жылдың мақсаты:

«Денсаулық» білім саласы

- 1.Денсаулық сақтау технологияларын ендіру арқылы,балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу денсаулығын нығайту.
- 2.Түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары арқылы дene бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез –құлыштарының калыптасуына ықпал ету

3.Әуенге сәйкес мұзыкалық ырғакты қозғалыстар және жаттығуларды дұрыс орындауға үйрету.

4.Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени –Гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.

«Шығармашылық» білім саласы

1.Балалардың әдetteн тыс әдістерді қолдану арқылы шығармашылығын дамыту

,сұлулыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

2.Мектепке дейінгі тәрбиелеу арқылы жан-жақты және үйлесімді дамыту.

«Әлеумет» білім саласы

1.Әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрету дағдыларын игеруді, қоғамда өзін-өзі үстай білудің адамгершілік нормаларын, өзінің отбасы мен қыбыларына жақындық сезімін, оларға құрметпен қарауды қалыптастыру.

Белгіленген үлгілік жоспары, үйымдастырылған оқыметтік кестесі, күн тәртібі, өтпелі тақырыптар мен вариативтік компонент бойынша оқу-тәрбие үдерісі құнделікті тиянақты жүргізуін тапсырды. 1 маусымнан 31 тамызға дейін сауықтыру кезеңі, жаз айларында білім беру үдерісін қайталау тапсырылды.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша әдіскер Сабитқызы Ш. Сөзген шықты. Оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптармен таныстырып етті. Мектепке дейінгі тәрбие мен сқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді үйимдастыру арқылы олардың кіркітіру жолдарымен іске асырылатын «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген.

«Денсаулық» білім беру саласы:

1.Дене шынықтыруды

2.Қауіпсіздік мінезд-құлықтардың қамтиды.

«Қатынас» білім беру саласы:

1.Сөйлеуді дамытуды

2.Көркем әдебиетті

3.Саяут ашу негіздерін

4.Қазақ тілін (орыс тілін оқытын топтарда). орыс тілін (қазақ тілін оқытын топтарда).

5.Драмманы

6.Әліппен қамтиды.

«Таным» білім беру саласы:

1.Сенсориканы, математика негіздерін

2.Құрастыруды

3.Жаратылыстануды қамтиды

«Шығармашылық» білім беру саласы:

1.Сурет салуды

2.Мүсіндеуді

3.Жапсыруды

4.Музыканы қамтиды.

«Әлеумет» білім беру саласы:

1.Өзін-өзі тануды

2.Қоршаған ортамен таныстыруды

3.Экология негіздерін қамтиды

Жас кезеңдері мен жастоптары мынандай:

1. Ерте жас -1-2 жас

2. Кіші топ -2-3 жас

3. Ортаңғы топ -3-4 жас

4. Ересек топ -4-5 жас

5. мектеп алды даиралық топ -5-б жас.

Тыңдалоды: Төртінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі О.Жакен сөз алды: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын енгізу арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулықтарын нығайту тақырыбындағы кеңесте үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілгендей, баланың өмірін қорғауды, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін дамытушы заттық-кеңістік құру, дene дамуына жағдай туыннату, ықпал ету, жас ерекшелігіне сай денсаулық технологияларын пайдаланутуралы айтып өтті.

Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша әдіскер Ш. Сабитқызы сейледі. «Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» алдын алу мәселелері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасында қарастырылған. Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектепке дейінгі үйімдардың педагогтарына балалар жарақатының алдын өлүмдерінде үйімдастыруды әдістемелік көмек көрсету. Осы мақсатта әрбір мектепке дейінгі үйімдарда балалар жарақатының алдын алу бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалады, онда балаларға жолда жүру ережелерін үйрету бойынша педагогтармен үйімдасты рушылық-әдістемелік жұмыс, балалармен, ата-аналармен жұмыс, заттық дамытушы ортаны қору бойынша жұмыс, әлеуметтік серіктестіктермен қзара әрекет қарастырылады.

Шешім:

1. Балабақшаның бекітілген жылдық жоспары, күн тәртібі мен үйімдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысының жүйелі жүргізуін бақылау жасау әдіскер Ш. Сабитқызына жүктелсін.
2. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бүйрүғы бойынша жұмыс жүргізілсін.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын тәсбиленешілердің жас ерекшелігіне сәйкес жүргізілсін.
4. Балабақшада балалар жарақатының алдын алу бойынша жылдық жұмыс жоспар жасалынын және бекітілсін.



Тәрайымы:  
Хатшы:

О.Жакен

Н.Уракбаева

Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

27.11.2019ж

қатысқандар 7

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен пед. Кеңестің шешімдерінің орындалуы тралы есеп беру.
- 2.«Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерімен таныстыру»
- 3.Бастапқы мониторинг қорытындысының нәтижелері.
- 4.Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерді талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жонінде: Балабақша әдіскері Ш.Сабитқызы:Балабақшада бекітілген күн тәртібі,сабақ кестесі бойынша құнделікті жұмыс жүруде.Балаларға балабақшада әңгі бірінші қауіпсіз,санитарлық-гигиеналық жағдай жасалып ,апталық жүктеме саны,ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы сақталып,балаларға физикалық,психологиялық ауырлық түспеу сәйнестігі сақталу керек.Балалар ойнап жүріп өзіне қажетті түсінік,ұғым,білім мен дәғдylар алмұ керек. Барлығын ойын түрінде,женіл қабылдайтындей етіп өтудеміз.

Тыңдалды: «Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерімен таныстыру».

ӘдіскерШ.Сабитқызы: Көшедегі қауіпсіздік ережелерін балалардың бойында қалыптастыруда оқытудың заманауи көрнекіліктері мен техникалық құралдар ерекше роль атқарады.Олардың көмегімен педагог инновациялық бағыттарды іске асырады және қойылған міндеттерді шешеді.Балаларға жолда жүру ережелерімен таныстыру мақсатында ашық есік күні өтілді.

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі О.Жакен бастапқы мониторинг қорытындысымен таныстырып өтті.Педагогикалық диагностика бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі.

Тыңдалды: келес мәселе тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

Ата-аналардың қатысуымен «Менің отбасым» атты ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді.Ата-Аналар жақсы асер алып қайтты

Шешім:

- 1.Бастапқы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс жүргізілсін.
- 2.Балаларға жолда жүру ережесін үйретуге арналған бұрыштар көрнекілермен толықтырылсын,жұмыстардың сапасы мен жабдықталуы қойылған талапқа сайкес орындалу жауапкершілігі әдіскер Ш.Сабитқызына жүктелсін.
- 3.Тәрбиеші сабағының әдіс тасілдері оқу-тәрбие үдесінде пайдаланылсын.

Тәрайымы:



О.Жакен

Хатшы:

Н.Уракбаева

Педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы

17.01.2020ж

қатысқандар 7

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру
- 2.«Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану».
- 3.Вариативтік компоненттің жоспарлануы және өту сапасы.
- 4.Ашық үйымдастырылған оқу қызметтерді талқылау.

Тыңдалды :Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:

Балабақша әдіскері Ш.Сабитқызы :Балаларға жолда жүру ережесін үйретуге арналған бұрыштар көрnekіліктірмен толықтырылған жұмыстардың сапасы мен жабдықталуы қойылған талапқа сай орындалды.

Тыңдалды: «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану» тақырыбында тәрбиеші А.Жакен баяндамасын оқыды.

Балалардың жазғы кезеңде дегендеулерін сақтау және нығайту мәселелерін шешу үшін құммен ойындар мен жаттығулар зерттеушілік, шығармашылық, қиялдары мен эстетикалық талғамдары дамиды. Баланың көңіл күйіне жағымды әсер береді.

Тыңдалды: Балабақша менгеруші О.Жакен – «Вариативтік компоненттің жоспарлануы және өту сапасы» атты салыстырмалы тәсіреттерге қорытындысымен таныстырып өтті.

Келесі мәселе тәрбиешлердің ашық үйымдастырылған оқу қызметі талқыланды. Балабақша әдіскері әр топтың ашық үйымдастырылған оқу қызметін талқылады.

Шешім:

- 1.Балаларға психикалық –педагогикалық қолдау көрсете отырып, құммен ойындар жазғы маусымға жоспарлау.
- 2.Тәрбиешілерге берілген үсіншіліктер, кемшіліктер түзетілсін.
- 3.Тәрбиеші А.Жакен ашық үйымдастырылған оқу қызметі жақсы деп бағалансын, әдіс-тәсілдер мен материалдар оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылсын.

Төрайымы:  
Хатшы:



О.Жакен  
Н.Уракбаева

Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

10.03.2020ж

қатысқандар 7

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру
- 2.«Мектепке дейінгі үйымдарда үлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы».Баяндама
- 3.Сауықтыру шараларының жоспарлануы және үйымдастырылуы.
- 4.Ашық үйымдастырылған оқу қызметтерді талқылау

Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:Балабақша әдіскері Ш.Сабитқызы сөз алды.Күннің жылынуына байланысты таза ауда балалармен түрлі ойындар мен серуен үйымдастырып,серуен кезінде бақылау,зерттеу,еңбек,құмнан қалашиқ салу қызықты болады.Балалар құммен ойнанда шығармашылық белсенділік танытты.Тәрбиешілер құмның таза болуын қадағалап отырды.

Тыңдалды:Балабақша менгерушісі О.Жакен –Елбасымыз Н.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Мәңгілік ел - ата-бабамыздың сан мың жылдан бері асыл арманы екенін барлығымыз блеміз. Ол арман түрмиси бакуатты тұтіні тұзу шықкан,ұрпағы ртеңге сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Енде, қазақ елінің үлттық идеясы-Мәңгілік ел», - деді. Сондықтан біз бүгінгі ұрпағымызды ата-бабамыздан қалған бай мұрамыз, салт-дәстүрімізben, мәдени құндылықтарымызben таныстыруымыз керек. Ал адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар, рухани бай тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі. Балабақша қабырғасынан бастап Отан, ел, жер үгымының киелігін білу, салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру басты қағидат. Енде бұл тұрғыда отбасы мен тәрбиешінің атқара ролі зор.

Тыңдалды: Тәрбиеші Р.Бексултанова - «Сауықтыру шәраларының жоспарлануы және үйымдастырылуына» тақырыпты тексеру жүргізілді. Балабақшада деңешшынықтыруда сауықтыру жұмыстары спорттық және кимыл ойындар арқылы, музыкалық ырғақты қимылдар арқылы, массаж жасайтын кілемдермен жүрү және т.б. Серуен барысында таза ауамен тыныс алу, күнделікті сергіту сәтінде, психотерапия, саусақ ойындарында бала ағзасының қарсы тұру деңгейін азайтады.

Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық үйымдастырылған оқу қызметі талқыланды. Сөйлегендер: балабақша әдіскері Ш.Сабитқызы .

Шешім:

- 1.Барлық топтарда үлттық құндылықтарды қолға алып, оқу тәрбие үдерісінде енгізіліп, жұмыс жүргізілсін.
- 2.Сауықтыру шараларының жоспарлануы және үйымдастыруына толықтырулар енгізілсін, циклограммада қолданылсын.
- 3.Оте жақсы ашық үйымдастырылған оқу қызметінің тәсілдері мен материалдары оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланылсын.

Тәрайымы:

Хатшы :



О.Жакен

Н.Урағбаева